

Қоғам ауылдының Шәймерден Қосшығұлов атындағы ЖОББМ 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының сараптамасы

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Мәңгілік Ел үлттүқ идеясын табысты жүзеге асыру үшін оқушылар арасында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру.

Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін патриоттық, толеранттылық, Отанды қорғауға дайындық сезімін тәрбиелеу және азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттері шешілді; «Жасұлан» жастар қозғалысымен қамтылған мектеп оқушыларының үлесін арттыру; құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін жағдай жасау; салауатты өмір салтын насиҳаттау, нашақорлықтың, алкоголизм мен темекі шегудің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу; құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру; әлеуметтік маңызы бар, шығармашылық және еңбек қызметі үшін жағдай жасау;

Қоғам ауылдының Шәймерден Қосшығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Ұлағат» тәрбие орталығында «Гибрат» сынып жетекшілер бірлестігі «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер үйімі, «Жалын» өзін-өзі басқару үйімі, «Рухани жаңғыру» жұмыс тобы, «Ақиқат ұшқыны» дебат клубы, «Жас эколог» үйірмесі, "Туган жер" тарихи-өлкетану үйірмесі, «До мажор» вокал үйірмесі, «Шебер қолдар» үйірмесі және «Волейбол» секциясы жұмыс істейді.

Мектебімізде жалпы-55 оқушы бар. Оның ішінде 1-11 сынып аралығында 50 оқушы және мектепалды сыныбында 7 оқушы оқиды. Мектептің барлық сыныптары I ауысында оқиды. Әр аптаның дүйсенбі күні сағат 8.40-та апталық саптық жиын өтеді. Саптық жиын ҚР Мемлекеттік Гимн орындаумен басталады. Саптық жиынды үйімдастырып, өткізу «Болашақ өзін-өзі басқару» үйімінің Президентіне жүктелген. Ал, аптаның сейсенбі күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 20 минуттық мектепішілік кітап оку жұмысы үйімдастырылған. Аптаның басқа күндері сағат 8.40-та таңертенгі бой жазу жаттығулары өтеді. Мектебімізде 5-11 сыныптар аралығында апталық мектепішілік кезекшілік кестесі құрылған. Сол кестеге сәйкес әр сынып бір апта бойы кезекшілік жұмысын атқарады, уақытында байқалған кемшіліктер, ескертулері мен қорытынды нәтижесімен бөлісіп, апталық елімізде, әлемде болып жатқан қызықты жаңалықтармен дүйсенбі күнгі саптық жиында бөліседі. Әр аптаның бейсенбі күні тазалық күні болып

саналады. Медбике тарапынан кабинет тазалығы, оқушылардың тазалығы тексеріліп отырады. Мектеп оқушылардың сабакқа қатысуын ага тәлімгер бақылап, келмегендердің себебін анықтайды. Мектептен себепсіз қалатын оқушылар жоқ.

Мектептің тәрбие жұмысы тәрбие бағдарламасының 8 бағыты бойынша жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылы мектептің тәрбие жұмысы бекітілген жылдық жоспарға сай, тәрбие бағдарламасының 8 бағыты бойынша жүргізіледі.

«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша білім күніне арналған алғашқы қоңырау салтанатты жиын ұйымдастырылып, 2-11 сынып аралығында «Республикалық сынып сағаты, ашық сабак. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық қасиет» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 2-11 сыныптарда «Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу» бойынша тақырыптық сынып сағаттар ұйымдастырылды.

«25 қазан-Республика күніне» арналған арнайы жоспар құрылып, іс-шаралар жүргізілді. Атап айтсақ, «Қазақстан республикасының құрылуды мен жетістіктері» тақырыбында мектеп кітапханашысы Асхар Е. кітап көрмесін ұйымдастырыды. «Тәуелсіз елім-Қазақстан» тақырыбында 5-11 сыныптар аралығында сынып сағаттары өтті. Республика күніне арналған «Патриоттық дауыс» патриоттық әндер чөллендіжіне өзін-өзі басқару ұйымы ат салысып, «Тұған ел» әнін хормен орындалап, әлеуметтік желілерге жүктеді. «Қыран елім-Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Сондай-ақ, 5-8 сыныптар аралығында «Адамгершілік құндылықтары», 9-11 сыныптар аралығында «Дін және конфесия кеңістігі» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

20 қараша-Халықаралық балалардың құқығын қорғау күніне орай, 1- сынып аралығында «Менің құқықтарым мен міндеттерім», 5-8 сыныптар аралығында «Бала құқығы-адам құқығы», 9-11 сыныптар аралығында «Заң және біз» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп кітапханашысы Асхар Е. «Мемлекеттік рәміздер- ел мақтанышы» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырыды.

Тәуелсіздік күніне орай арнайы жоспар құрылып, жоспар аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Тәуелсіз ел ұланымын!» тақырыбында 4-сынып оқушыларын «Жас ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Қантар айында «Лаңкестіктің қоғамға қауіпсіздігі» атты 5-8 сыныптар аралығында , «Зорлық-зомбылықтың алдын алу». Қақтығыс және одан шығу стратегиясы» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттары жүргізілді.

1-6 сынып оқушылары арасында «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып, нәтижесінде жеңімпаздар марапатталды. «Жалын» өзін-өзі басқару ұйымы «Мемлекеттік рәміздер-ұлт маңтанышы» атты бейнеролик түсірді. 7 Мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды елдіңұрпағы қайсар» атты сынып сағаттары өткізілді. ҚР Рәміздер күніне арналған «Рәміздері елімнің-бойтұмары жерімнің» атты мерекелік мектепішілік саптық жынын ұйымдастырылды.

«Рухани-адамгершілік тәрбие» бағыты бойынша «1 Қазан-қарттар күніне» арналған тақыптық сынып сағаттар және «Жалын» өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Қарттарын қадірлөгөн ел ардақты» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға ауыл қариялары шақырылып, сый-құрметке бөленді. Совет Одағының екі мәрте батыры Т.Бигельдиновтың 100 жылдығына орай, мектеп музейінде бұрыш ашылып, «Қазақтың текті қыраны-Талғат Бигельдинов» атты ақпараттық сағат өтті.

Өзін-өзі басқару ұйымының құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен «Біз сыйбайлас жемқорлыққа, қоғам мұдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Қаңтар айында Бақыт фракциясы мен тәлімгердің ұйымдастыруымен «Қайырымдылық жүректен» атты акция өтті. Мектеп кітапханашысы Асхар Е. ұйымдастыруымен «Жыр алыбы-Жамбыл Жабаев» атты әсерлі әдеби кеш өтті. 15 Ақпан-Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылу күніне байланысты арнайы жоспар құрылып, жоспар аясында мектептің тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж.Туржанова «Ер есімі-ел есінде» тақырыбында Ауған соғысының ардагері, жерлесіміз М.Қ.Ақимовты еске алу жыныны өткізді, аға тәлімгер Асхар Е. «Ауған соғысының жаңғырығы» атты ақпараттық сағат, АӘТД пәні мұғалімі «Әскери-спорттық жарыс. АК-74 бөлшектеу және жинақтау» ұйымдастырылды. Алғыс айту күніне орай «Алғысым саған шексіз...» тақырыбында өзін-өзі басқау ұйымының ұйымдастыруымен челлендж өтті.

8 Наурыз-Халықаралық әйелдер күніне арналған 1-11 сыныптар арасында тақырыптық сынып сағаттар өткізілді.

12 Сәуір-Гылым күніне орай арнайы жоспар құрылып, жоспар аясында «Ғарышты бағындырған батырлар» тақырыбында 1-4 сынып аралығында сынып сағаттары, «Шексіз ғарыш әлемі» суреттер, қолөнер байқауы, «Біз және ғарыш» кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Ұлы жеңіске тағзым» атты мекекелік концерт өтті.

«Ұлттық тәрбие» бағыты бойынша «5 Қыркүйек-Тілдер күніне» арнайы 10 күндік іс-шаралара жоспары құрылылып, жоспар аясында іс-шаралар ұйымдастырылды. Р.Бағланованың 100 жылдығына арналған «Аты аңызға айналған әнші-Роза Бағланова» тақырыбында 3-сынып оқушыларымен сынып сағаты өтті.

Т.Бегельдиновтың 100 жылдығына арналған «Ерлік - ерге мұра»атты 1-4 сынытамен сынды сағаты өтті. 15 Қараша-КР валютасы күніне орай, өзін-өзі басқару ұйымы «Тенге-тәуелсіздік символы» тақырыбында ақпараттық бұрыш ұйымдастырса, сынды жетекшілер «Тенге шежіресі», «Тенге-мемлекет келбеті» тақырыптарында сынды сағаттарын өткізді. Тәрбие ісінің менгерушісі А.Ж.Туржанова 7-11 сынды қыздарымен «Қыздың ары-ұлттың ары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Өзін-өзі басқару ұйымы «Әлем бесігін тербететін жан-Ана» атты аналарды құттықтау бейнеролигін жасады. 22 Наурыз мерекесіне орай 14-22 наурыз күндері аралығына арнайы іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жүктелді.

«Отбасылық тәрбие» бағыты бойынша «Отбасы күніне» арналған тақырыптық сынды сағаттар, «Отбасым-бақытым» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Қараша айында мектеп кітапханашысы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Анамның сүйікті кітабы» тақырыбында 7-8 сынды оқушыларымен сұхбат жүргізді. 8-11 сынды оқушылары арасында «Отбасы және отбасылық құндылықтар» тақырыбында әңгіме өтті.

«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» бағыты бойынша қыркүйек айында әр сынды өз сындыптарының сынды бұрышын безендіру жұмыстарын жүргізді. «Таза сенбілік» мектеп ауласын тазарту, өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ауылдың саябағын тазарту жұмыстары жүргізілді. Қараң айында 9-11 сынды оқушыларымен «Кәсіби бағдар: Не? Қайда? Қашан?» атты мамандықтар туралы ақпараттық сағат өтті. Желтоқсан айында «Қар қалашығы» мектеп ауласында қардан мұсіндер жасау сынныпаралық байқауы өтті. Қаңтар айында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша А.Ж.Туржанова «Жаңа мамандықтар әлемінде» атты танымдық сағатын өткізді. 9-11 сындыптар аралығында «Мамандық таңдау-болашақты таңдау» тақырыбында сынды сағаттары өтті. Мектебіміздің педагог-психологы 9-сындып оқушыларымен «Мамандық таңдаудағы ең кең тараған қателіктер» тақырыбында психологиялық кеңес өткізді.

«Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» бағыты бойынша ұстаздар мерекесі қарсаңында «Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Дублерлер күні» өтті. «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қазан айында оқушылардың асыға күтетін мерекесі «Алтын күз-2022!» мерекелік кеш ұйымдастырылды. Жана жыл мерекесіне арналған 1-4 сындыптар аралығында «Армысың, жаңа-жыл!», 5-11 сындыптар аралығында «Қош келдің, жаңа 2023 жыл!» атты мерекелік іс-шаралар өтті. Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына арналған «Ауғанның отты жалыны» тақырыбында 9-11 сындыптар арасында сынды сағаттары өткізілді. Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, өзін-өзі басқару ұйымы «Ана-ардақты есім» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. 1Мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Достық шаңырағының астында

Қазақстан халқы тұрады» атты онлайн құттақтау бейнеролигін өзін-өзі басқару үйымы дайындаған, әлеуметтік желіге орналастырды. «Ақ жол саған, түлек-20213!» атты 9,11 сыйнып оқушыларына атtestat тапсыру кеші өтті.

«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бағыты бойынша қыркүйек айында Денсаулық күніне арналған «Денсаулық – сенің байлығың» тақырыбында 1-11 сыйнып оқушыларының қатысуымен түрлі спорттық эстафеталық ойындар, қашықтыққа секіру жарысы, командалық волейбол ойыны үйимдастырылды. 7-11 сыйнып оқушыларымен «Вейп шылымдар мен электронды сигареттердің денсаулыққа зияны» ақпараттық сағат, 5-8 сыйнып оқушыларымен «Тағамдық азық-тұліктер, тағамдық заттардың құндылығы» тақырыбында мектеп медбикесі дәріс өткізді. Желтоксан айында тәуелсіздік күніне орай 5-11 сыйнып оқушылары арасында дене шынықтыру пәні мұғалімі мен өзін-өзі басқару үйымының бірлесе үйимдастырымен «Шахмат» ойыны үйимдастырылып, жеңімпаздары марапатталды. Мектеп медбикесі «ЖҚТБ проблемасы және олардан сақтау» тақырыбында 7-11 сыйнып оқушыларымен ақпараттық сағат өткізді. Қаңтар айында «Шаңғы шақырады» айлығының ашылуы өтті. Айлық аясында дене шынықтыру пәні мұғалімі сыйныптар асарысында, мұғалімдер арасында жарыстар өткізіп, айлықтың соңында жеңімпаздарды марапаттау рәсімін өткізді. Мектеп медбикесі оқушылар арасында ЖРВИ, тұмаудың алдын алу бойынша әнгіме жүргізіп, кеңестер берді. 5-8 сыйнып оқушылары аралығында «Денсаулықты бұзатын зиянды әдептер» тақырында сыйнып сағаттары өтті. 22 Наурыз мерекесіне арналған мектепішілік «Алтын сақа» асық ату турнирі үйимдастырылды. Сәуір айында «Жалын» өзін-өзі басқару үйымының спорт фракциясы мен дене шынықтыру пәні мұғалімі «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» акциясын үйимдастырды. Мамыр айында 9-11 сыйныптар аралығында «Зиянды әдептер: темекі шегу, алкоголь, есіркі мен уытты заттарды қабылдаудың зардабы» тақырыбында сыйнып сағаттары өтті.

Мектептің барлық оқушылары дәстүрлі мектеп іс-шараларына қатысты, бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділігінің деңгейі әртүрлі. Бұл сыйнып жетекшілерінің жұмысы мен үйимшылдық, балаларды жандыру, әр баланы іс-әрекетке қатыстыра білудің арқасы. Өйткені, табысты тәрбие жұмысының негізі – оқу үдерісіне барлық қатысушылардың бірлескен шығармашылық қызметі. Орта буын және жоғарғы сыйнып оқушылары арасындағы тиімді тәрбие жұмысын атап өткім келеді. Мектептегі жобалық іс-әрекеті:

Асхар Еркегүл - «Мектептегі буккроссинг», күтілетін нәтиже – оқушылар мен ата-аналар қауымы арасында оқырман белсенділігінің артуы, кітап қорын жаңарту, «Бұқіл әлемді кітапханаға айналдырайық!» интернет-қауымдастырын құру;

Касенова Г.Ж. - «Шебер қолдар», күтілетін нәтиже әртүрлі техникада жасалған шығармашылық жұмыстар жинағын жасау, балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін үйимдастыру;

Мектепте «Жас Ұлан», «Жас қыран», «Жалын» өзін-өзі басқару үйымдарының жұмыс істейді. Ұйым мүшелері сынып жетекшілерімен, педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста, тәрбие ісінің меңгерушісі мен аға тәлімгердің жетекшілігімен өтеді.

«Жалын» өзін-өзі басқару үйымы жұмыс жоспарына сәйкес айна бір рет «Сыртқы келбет», «Оқушылардың сабакта қатысуы», «Оку құралдарының сақталуы» рейдтері өткізеді. Күз, көктем мезгілінде әр бейсенбі сайын еңбек десанты болады. Ұлken үзілістерде үйым мүшелері 1-4 сынып оқушыларының бос уақытын үйымдастырады.

Өзін-өзі басқару үйымы «Жас ұлан» үйымымен тығыз байланыста.

«Жалын» өзін-өзі басқару үйымы мектепішілік түрлі іс-шараларды (мерекелер, акциялар) дайындауга және өткізуге белсенді қатысады.

Сценарийлерді әзірлеуге өз идеяларын жеткізеді. Мектепті мерекеге сай безендіреді. Жасөспірімдерге көмектеседі.

Мектепте оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық секциялар жүргізілді.

Үйірме жұмыстары үйлесімді дамыған тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мектебімізде биылғы оқу жылында 4 үйірме, сонымен қатар 1 спорттық секция жұмыс істеді.

Сынып	Үйірме атауы	Күні	Уақыты	Мұғалімі
5	«Жас эколог» үйірмесі	жұма	16.00-16.45	Карчиганова А.С.
6	"Туған жер" тарихи-өлкетану үйірмесі	бейсенбі	16.00-16.45	Алпыспаева В.Б.
7/8	«До мажор» вокал үйірмесі	жұма	16.00.-16.45	Альжанова А.З.
9	«Шебер қолдар» үйірмесі	бейсенбі	16.00.-16.45	Касенова Г.Ж.
10-11	«Волейбол» секциясы	сейсенбі	15.15-17.50	Кусаинов М.З.


Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етті, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасады.

Ұсыныстар: Үйірмелер жұмысын әр тараптандыру қажет, бұл барлық іс-шараларға белсендірек қатысуға мүмкіндік береді. Үйірмелер мен секция жетекшілері өз жұмыстарын заманауи формалар мен әдістерге сай түрлендіру, АҚТ-ны қолдану, ата-аналар жиналышында жарнама беру, мектеп, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде өткізілетін іс-шараларға қатысу арқылы оқушыларды барынша көп тартуы қажет.

Мектебіміздің мұғалімдері оқушыларды аудандық, облыстық байқауларға жиі қатыстырып отырды, нәтижесінде оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.

1. "Балалар жылы" шеңберінде балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, қазақ және шетел әдебиетін терең зерттеуге шақыру мақсатында Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңін қатысып, мектебіміздің 9-сынып оқушысы Зейнелғабиден Махаббат жүлделі 1-орынға ие болып, байқаудың облыстық кезеңінде белсene қатысқаны үшін мақтау қағазымен марапатталды.
2. Шығармашыл оқушылар арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңіне 9-сынып оқушылары Зейнелғабиден Махаббат пен Манап Гұлнұр қатысты. «Көркемсөз оқу» аталымы бойынша 9-сынып оқушысы Манап Гұлнұр II орын иеленді, Зейнелғабиден Махаббат белсенділігі үшін сертификатпен марапатталды.
3. 25 қазан Республика күніне арналған "Мен өз елімнің азаматымын" атты 9-11 сыныптар арасында аудандық пікірталас турнирінде "Ақиқат үшқыны" тобы (қатысушылар: Мұрат Аружан, Туkenова Назерке) ширек финалға дейін қатысып 3-ші орын иеленді.
4. 25 қазан Республика күніне арналған «Бабалар салған ізімен» аудандық жастар тарихи квест ойынына мектебіміздің 10 сынып оқушылары Манап А., Қанаш Г., Серік Д. құралған «F3» командасы қатысып, «Алғыс хатпен» марапатталды.
5. 25 қазан Республика күніне арналған «Жастар-2023» аудандық спартакиадасының бағдарламасы бойынша «Бес асықтан» 9-11 сынып оқушылары арасында мектебіміздің командасты I орынды иеленіп мақтау қағазы мен кубок иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды.
6. 25 қазан Республика күніне арналған «Жастар-2023» аудандық спартакиадасының бағдарламасы бойынша «асық ату» 9-11 сынып оқушылары арасында мектебіміздің командасты II орынды иеленді және «Сұр мерген» номинациясын мектебіміздің 11 сынып оқушысы Амангелді Нұрсұлтан жеңіп алды.
7. 2022-2023 оқу жылы 9сынып оқушысы Манап Гұлнұр «Махамбет оқулары» байқауының аудандық кезеңі I орын, облыстық кезеңі сертификатпен марапатталды.
8. 9-сынып оқушысы Манап Г. Республикалық "Әбіш оқулары" байқауының аудандық кезеңі II орын.
9. "Ақбота" зияткерлік олимпиадасына қатысып, 2 сынып оқушылары Қанаш Рауан, Мәжіт Бейбарыс, Темірғали Олжас жүлделі II орындарды иенеді.

- 10."Жастар-2023" аудандық спартакиадасының "ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ" бағдарламасы бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында "Асық ату" спорттық ойын түрінен мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары Зейнелғабиден С., Амангелді С., Иранов Х. жүлделі Порындарды иеленсе, "Бес асық" ойынынан Нұралы Н., Қанаш Н., Жиембай М. III орындарға ие болды. "Қоғам ауылының Шәймерден Қосшығолов атындағы ЖОББМ " "Асық ату" ойын түрінен командалық есепте II орын, "Бес асық" ойын түрінен командалық есепте III орынды иеленді.
- 11.2023жылды 24сәуірде Аудандық Женіс спорттық кешенінде қыздар арасында облыстық волейбол жарысы өткізілді.Мектебіміздің қыздар командасты аталған жарыста жүлделі III орынға ие болды.
- 12.Біржан сал ауданы БЖСМ-ның ұйымдастыруымен өткен 8-сынып және одан төмен, 9-11 сынып аралығында ұстел теннисі бойынша ашық чемпионатқа мектебіміздің оқушылары қатысып, 9- сынып арасында жүлделі I орынды Манап Гүлнұр, 10-сынып арасында I орынды Қанаш Ділназ, II орынды Манап Ақнұр, 11 сынып арасында III орынды Жиенбай Санжар иеленді. "Техникасы жақсы ойыншы!"Номинация бойынша Амангелді Н., Жақсылық Ә., Тұрсұн Қ. мадақтамамен маралтаталды.
- 13.Шәймерден Қосшығоловтың 149 жылдығына арналған «Алтын сақа» асық ату облыстық турнирінде мектеп командасты жүлделі II орынды иеленді.
- 14.«Президенттік көпсайыс» сайысының аудандық кезеңінде мектеп командасты жүлделі II орынды иеленді.

Мектеп директорының м.а.:   Макажанова Ж.К.

Тәрбие ісінің менгерушісі:  Туржанова А.Ж.